

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

28.08.2024 жыл №35-н/к

Жетісай қаласы

город Жетысай

2024-2025 оқу жылының басталуын, ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы


Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрінің м.а 2024 жылғы 10 шілдедегі «Орта білім беру ұйымдарында 2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу мерзімдерін, сондай-ақ білім алушыларды қорытынды аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы» №174 бұйрығы негізінде

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп-интернатта 2024-2025 оқу жылының басталуы, ұзақтығы және каникул кезеңдерінің мынадай мерзімдері айқындалсын:

- 1) 2024-2025 оқу жылының басталуы 2024 жылдың 1 қыркүйек күні;
 - 2) Оқу жылының ұзақтығы 2-11 (12) – сыныптарда - 34 оқу аптасы. Мейрам күндеріне түскен сабақтар оқу бағдарламасы мазмұнының кіріктірілуі ескеріле отырып, қайталауға арналған сағаттар есебінен келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.
 - 3) Оқу жылы барысындағы каникул кезеңдері:
 - 3.1) 1-11 (12) – сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2024 жылдың 28 қазаннан бастап 03 қарашаны қоса алғанда, қысқы каникул – 10 күн (2024 жылдың 30 желтоқсан бастап 2025 жылдың 8 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 11 күн (2025 жылдың 21 наурызынан бастап 31 наурызды қоса алғанда).
2. Осы бұйрықтың орындалуы директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Тулековке жүктелсін.

Директор



К. Алиев

БҰЙРЫҚ

05.05.2025 жыл №92-ж/к

Жетісай қаласы

ПРИКАЗ

город Жетысай

**«2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу
мерзімдерін, білім алушыларды қорытынды
аттестаттаудан өткізу мерзімдерін айқындау туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 03 тамызындағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдесіндегі №174 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне сәйкес және Түркістан облысының білім басқармасының 2025 жылғы 30 сәуіріндегі №199 бұйрығын орындау мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Мектеп бойынша оқу сабақтары 7-11 сыныптарда 2025 жылдың 23 мамырында аяқталсын.
2. Барлық оқу пәндерінің мұғалімдері 2025 жылдың 12-23 мамыр күндері аралығында 7-11 сыныптардағы жылдық бақылауды әрбір тақырып және тарау бойынша бағдарламалық материалдарды меңгергендігін тексеру мақсатында бақылау жұмыстарын алып, бағаласын.
3. 7-11 сыныптарда тоқсандық бағалары шығарылсын. Тоқсандық бағалардың негізінде оқу сабақтары аяқталғаннан кейін оқушылардың жылдық бағалары қорытылсын.
4. Мектепте 2024-2025 оқу жылын аяқтау және білім алушылардың аралық және қорытынды аттестаттауға дайындық және оны өткізу іс-шарасын түзіп бекіту директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Тулековке жүктелсін.
5. 9,11 сыныптардың бітіру, қорытынды аттестаттау комиссиясы төрағасы болып мектеп директоры К. Алиев бекітілсін.
6. Қорытынды мемлекеттік аттестаттауға ҚР жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарына сәйкес білім беру бағдарламаларын меңгерген 9 және 11 сыныптарының білім алушылары жіберілсін.

7. 9 - сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары - 2025 жылдың 29 мамыр – 12 маусым күндері аралығында, 11- сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары 2025 жылдың 30 мамыр мен 16 маусым күндері аралығында өткізілсін.
8. 9 - сынып білім алушыларының санитарлық талаптарды сақтай отырып:
- Қазақ тілі бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан (мақала, әңгіме, эссе) - 2025 жылғы 02 маусым;
 - Математика (алгебра) жазбаша емтихан (жазбаша) -2025 жыл 29 мамыр;
 - Орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан (мәтінмен жұмыс, мәтін бойынша тапсырмалар орындау) -2025 жыл 02 маусым;
 - Таңдау пәні (биология, география, қазақ әдебиеті) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 05 маусым.
9. 11 -сынып білім алушыларының санитарлық талаптарды сақтай отырып:
- Қазақ тілі бойынша жазбаша емтихан - 2025 жыл 09 маусым;
 - Алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтихан - 2025 жыл 4 маусым;
 - Қазақстан тарихынан ауызша емтихан -2025 жыл 30 мамыр;
 - Таңдау пәні (биология, география) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жыл 12 маусым.
 - Орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жыл 16 маусым
10. Облыстық білім басқармасынан 9,11 сыныптардағы мектеп бітіру қорытынды аттестаттау емтихандарының материалдарының құпиялылығын сақтау директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары Ж. Тулековке міндеттелсін.
13. Оқу жылының соңында (әр сыныптың оқу жылының аяқталуына қарай) оқушылардың пайдаланған оқулықтарын реттеп түгелдеп кітапханаларға өткізу директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасарларына, барлық сынып жетекшілеріне және кітапханашыларға міндеттелсін.



К. Алиев

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНЫҢ

БІЛІМ
БАСҚАРМАСЫ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ

УПРАВЛЕНИЕ
ОБРАЗОВАНИЯ

ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ

БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

30.04.2025ж

Түркістан қаласы

№ 199

город Туркестан

**«Орта білім беру ұйымдарында
2024-2025 оқу жылының басталу және аяқталу
мерзімдерін, білім алушыларды
қорытынды аттестаттаудан
өткізу мерзімдерін айқындау туралы»**

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 18) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына», Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 174 бұйрығына өзгерістер енгізілуіне сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қорытынды аттестаттаудың мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін қорытынды бітіру емтихандары – 2025 жылғы 29 мамырдан бастап 10 маусым аралығында;

11 (12)-сынып оқушылары үшін мемлекеттік бітіру емтихандары – 2025 жылғы 30 мамырдан бастап 16 маусым аралығында.

2. Қорытынды аттестаттауды өткізудің мынадай мерзімдері бекітілсін:

9 (10)-сынып оқушылары үшін:

1) математика (алгебра) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 29 мамыр;

2) қазақ тілі/орыс тілі және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде білім беретін мектептер үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша эссе нысанында жазбаша емтихан, гуманитарлық цикл пәндерін тереңдетіп оқытатын мектеп білім алушылары үшін – жазбаша жұмыс (мақала, әңгіме, эссе) – 2025 жылғы 2 маусым;

3) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 5 маусым;

4) орыс/өзбек/ұйғыр/тәжік тілінде оқытатын сыныптарда қазақ тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан және қазақ тілінде оқытатын сыныптарда орыс тілі мен әдебиеті бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 10 маусым;

11 (12)-сынып оқушылары үшін:

1) Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан – 2025 жылғы 30 мамыр;

2) алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан 2025 жылғы 4 маусым;

3) қазақ тілі/орыс тілі бойынша және ұйғыр/тәжік/өзбек тілінде оқытатын мектептер/сыныптар үшін ана тілі (оқыту тілі) бойынша жазбаша емтихан – 2025 жылғы 9 маусым;

4) таңдау пәні бойынша жазбаша емтихан (физика, химия, биология, география, геометрия, дүниежүзілік тарих, құқық негіздері, әдебиет (оқыту тілі бойынша), шет тілі (ағылшын/француз/неміс), информатика) – 2025 жылғы 12 маусым;

5) өзбек/ұйғыр/тәжік/орыс тілдерінде оқытатын мектептерде/сыныптарда қазақ тілі мен әдебиетінен және қазақ тілінде оқытатын мектептерде/сыныптарда орыс тілі мен әдебиетінен жазбаша емтихан – 2025 жылғы 16 маусым.».

3. Осы бұйрықтың орындалуы басқарманың оқу бөлімінің басшысы Т.М.Исмайловқа және «Білім беруді дамыту орталығы» директорының м.у.а Р.Тойшыбековке жүктелсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды басқарма басшысының орынбасары Ж.С.Нұрпейісовке жүктелсін.

Басшының м.а.



А.Қасымбекова